



**БҰЙРЫҚ**

02.09.2024/н № 94  
Дарья кенті

**ПРИКАЗ**

поселок Дарья

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу  
жұмыстарын насихаттау  
және жұмыс жоспарын бекіту туралы**

- Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңының 1 бап, 2, 3 тармақтарын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 04.08.2010 ж № 266-IV Заңын, «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**
1. 2024-2025 оқу жылында Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмысын жүргізу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.
  2. Мектепте оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың діни сауаттылығын жетілдіру және қауіпсіздік жұмыстарын арттыру мақсатында жыл бойы іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілсін
  3. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарс күрес» заңымен мұғалімдер ұжымы таныстырылып «Сенім телефоны» жұмысы қалыптастырылсын
  4. Ұлтаралық татулықты насихаттайтын тақырыптық ата-аналар жиналыстары өткізілсін
  5. Сабақтан бос ауақытында оқушыларды діни бірлестіктерде болуын бақылау мақсатында құқық қорғау ұйымдары мамандарымен рейдтер жүргізілсін
  6. Оқушылар арасында психологиялық тренингтер өткізілсін
  7. Мектеп қызметкерлерімен оқу-жаттықтыру сабақтары өткізілсін
  8. Мектеп вахта және техникалық қызметкерлерімен қауіпсіздік жұмыстары өткізіліп, журналы жүргізілсін
  9. Төтенше жағдай және діни басқарма өкілдерімен тақырыптық кездесулер өткізілсін
  10. Бұйрықтың орындалысы және дінтану пәнінің мұғалімі З. Аманжолға және шаруашылық меңгерушісі А. Карибаеваға жүктелсін.
  11. Бұйрықтың орындалысын қадағалау тәрбие ісінің орынбасары Ф. Даткинаға жүктелсін.

**Негізі:** Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу

Директор

Р. Жакупова

Таныстым:



Дарья ЖББМ директорының  
« 02 » 09 2024 ж. № 94  
бұйрығына қосымша-1

**Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттау  
топтың құрамы**

- директор Р.Жакупова
- ДТІЖО Ф.Даткина
- АӘДТ пәнінің оқытушысы Б.Колдасбаев
- дінтану пәнінің мұғалімі З.Аманжол
- психолог А.Азил



**«Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша діни экстремизм  
мен терроризмнің алдын алу мақсатында жасалынған іс-шаралар  
жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

| №                                           | Атқарылатын іс-шаралар                                                                                                             | Аяқтау<br>нысаны | Мерзімі        | Жауапты                                                   |
|---------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|----------------|-----------------------------------------------------------|
| <b>Ұйымдастырушылық іс-шаралар</b>          |                                                                                                                                    |                  |                |                                                           |
| 1.                                          | Терроризмнің алдын алу мақсатында жылдық жоспар іс-шарасын жасау, бекіту.                                                          | Жоспар           | қыркүйек       | ДТІЖО<br>Ф.Даткина                                        |
| 2.                                          | Терроризмнің алдын алу бойынша стенділер жасау.                                                                                    | Ақпарат          | қыркүйек       | ДТІЖО<br>Ф.Даткина                                        |
| <b>Терроризмге қарсы күрес іс- шаралары</b> |                                                                                                                                    |                  |                |                                                           |
| 1.                                          | Оқушыларға, қызметкерлерге, мұғалімдерге террористік акт қауіпі кезіндегі халықтың іс-әрекеті бойынша жадынама (таныстыру, тарату) | Анықтама         | қыркүйек       | ДТІЖО<br>Ф.Даткина<br>АӘД пән<br>мұғалімі<br>Б.Колдасбаев |
| 2.                                          | Антитеррорлық жаттығу өткізу                                                                                                       | Хаттама          | Қазан<br>мамыр | ДТІЖО<br>Ф.Даткина<br>АӘД пән<br>мұғалімі<br>Б.Колдасбаев |
| 3.                                          | «Экстремистік іс-әрекетке барғаны үшін құқықтық жауапкершілікке тарту»                                                             | Анықтама         | желтоқсан      | АПБ ЖПҚБ<br>ЮПТ УПИ<br>полиция<br>капитаны<br>Б.Игенбеков |
| <b>Оқушылармен өткізілетін іс- шаралар</b>  |                                                                                                                                    |                  |                |                                                           |
| 1.                                          | «Терроризм және оның зардаптары» тәрбие сағаты                                                                                     | Анықтама         | Қаңтар         | ДТІЖО<br>Ф.Даткина<br>Сынып<br>жетекшілер                 |

|                                       |                                                                                    |          |                   |                                           |
|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------|-------------------------------------------|
| 2.                                    | «Діни экстремизм-әлемге төнген қауіп» баяндама                                     | Анықтама | Ақпан             | ДТІЖО<br>Ф.Даткина                        |
| 3.                                    | «Діни экстремизм мен терроризм» тақырыбында презентация және бейнефильмдер көрсету | Анықтама | Наурыз            | З.Аманжол                                 |
| 4.                                    | «Діни экстремизм мен терроризм деген не?» сынып сағаты                             | Анықтама | Сәуір             | ДТІЖО<br>Ф.Даткина<br>Сынып<br>жетекшілер |
| 5.                                    | Терроризмнен азат әлем!, «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» суреттер конкурсы    | Анықтама | Мамыр             | ДТІЖО<br>Ф.Даткина                        |
| <b>Іс-шараларды ақпараттық қолдау</b> |                                                                                    |          |                   |                                           |
| 1                                     | БАҚ-та іс-шаралар қорытындысын жариялау.                                           | кезінде  | Мектеп әкімшілігі |                                           |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Ф.Даткина

**« Дарья жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Хаттама №.1**

Өтілген күні: 11.10.2024 жылы, сағат 11:00-де, 16:00-де

Қатысқандар:

1-4 сыныптар

5-11 сыныптар

Мектеп директоры- Р.Жакупова

ДТІЖО- Ф.Даткина

Сынып жетекшілер 1-11 сынып

**Күн тәртібі:**

1. Антитеррорлық жаттығу өткізу.

**Тыңдалды:**

Алғашқы сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Даткина алып, бүгінгі антитеррорлық жаттығудың мақсатымен таныстырып өтті. 1-11 сынып аралығында антитеррорлық жаттығу өткізіп, террорлық іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында дабыл қағылып мектеп мұғалімдері, тех.қызметкерлер, оқушылар түгел дабылға шығып, оқу-жаттығуы өткізілді. Өмірге қауіп төндіретін күдікті зат анықталған жағдайда іс-әрекет жасау алгоритмімен таныстырды. Сонымен бірге өрт, жер сілкінісі немесе техногенді сипаттағы авариялар кезіндегі жедел әрекет етіп, оқу-ғимаратынан шығып, өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

**Сөйледі:**

АӘД жетекшісі Б.Колдасбаев оқушыларға, ұстаздар мен тех.қызметкерлерге бүгінгі жаттығу 3 минутқа созылғандығын айтып, жаттығуда жылдамдықты арттыру керектігі айтылды және әлемде болып жатқан террорлық іс-әрекеттерден мысалдар келтіріп өтті. Мектептің 1-қабатында безендірілген ақпараттық-насихат стенді туралы айтып өтті. Жаттығу барысында мектеп ұжымына, оқушыларға террористік акт қаупі кезінде халықтың іс-әрекеті бойынша жаднамалар таныстырылып, таратылды. Мектептегі эвакуация жасау жолдарымен таныстырылды. Эвакуация жасау тәжірибе түрінде көрсетілді. Сонымен қатар күдікті зат табылған кездегі, телефон арқылы лаңкестік қаупі төнген кезде, жарылыс қаупі туралы хабар алған кезде, лаңкестік қаупі жазба түрде түскен кезде, лаңкестер кепілге алған жағдайдағы іс-әрекеттер таныстырылды.

**Қаулы етеді:**

1. Антитеррорлық жаттығу ақпан айында тағы өткізілсін.

Жиналыс төрайымы  
Хатшы



Р.Жакупова  
А.Аушахманов

## «Дарья жалпы білім беретін мектебі»КММ

### Оқушыларға қызметкерлерге мұғалімдерге террористік акт қауіпті кезіндегі халықтың іс әрекеті бойынша жарнаманың анықтамасы

**Тақырыбы:** Оқушыларға қызметкерлерге мұғалімдерге террористік акт қауіпті кезіндегі халықтың іс әрекеті бойынша жарнама.

**Іс-шара түрі:** Жарнама, таныстру, тарату

**Өткізілген мерзімі:** Қыркүйек 2024

**Қатысушылар:** 1-11 сынып оқушылары және мектеп қызметкерлері

**Террористік акт қауіпті кезіндегі халықтың іс-әрекеті туралы жарнамаға анықтама:**

**Анықтама:**

**Мақсаты:**

Террористік акт қауіпті кезіндегі халықтың іс-әрекеті туралы жарнама — бұл азаматтарды террористік актілердің ықтимал қауіп-қатерлері туралы ақпараттандырып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті іс-әрекеттерді түсіндіретін ақпараттық және тәрбиелік материал. Мұндай жарнаманың негізгі мақсаты — халықты, оқушыларды, қызметкерлерді және мұғалімдерді терроризм қаупі жағдайында дұрыс әрекет етуге үйрету. Жарнамада жиі қолданылатын ақпараттар:

1. **Төтенше жағдайлар кезінде іс-әрекет жоспары:** террористік акт туралы хабар алған жағдайда не істеу керек, қайда хабарласу керек, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылдау қажет.
2. **Қауіпсіздік ережелері:** күдікті заттарды байқаған кезде не істеу керек, көпшіліктің жиналған жерлерінен қалай қауіпсіз түрде шығуға болады.

**Нәтижелері:** Мектеп оқушыларына және мектеп ұстаздары мен қызметкерлерге жарнама таратылды





## «Дарья жалпы білім беретін мектеп» КММ

### Террористік іс-әрекетке қарсы жағдайда оқушылардың, мұғалімдердің және тех қызметкерлердің сыртқа шығуы

#### жөнінде өткізілген мектепшілік оқу-жаттығу есебі

2024-2025 оқу жылы



Жоспар бойынша мектепте терроризм, экстремизм және төтенше жағдайлар кезінде оқушылардың, мұғалімдердің және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуация жұмыстары жүргізілді. Кезекші мұғалім «дабыл» қақты. Осыдан кейін оқушылар мен мұғалімдер, соның ішінде ер мұғалімдер қауіпті аумаққа апаратын жолдарды бақылауға алып, оның маңайындағы дәрісханаларда сабақ өтіп жатқан оқушылар мен мұғалімдерді сыртқа шығуға көмектесті



Алдымен жаттығуға басшылық жасайтын жауапты адам «дабыл» белгісін берді. Ол үшін мектеп ішінде орналасқан дабыл сиренасы іске қосылып құрылғы арқылы үш рет дабыл қақты.

Одан әрі әр қабатта орналасқан сыныптар сыртқа шығу схемасына сәйкес әрекет етіліп, 1-2қабатта орналасқан сыныптарды ұстаздармен және мектеп жұмыскерлері түгелдей сыртқа шығарылды.

Кезекші мұғалімдер мектептен сыртқа шығатын барлық есіктердің ашылуын қамтамасыз етті.



Мұғалімдер мен оқу-жаттығуға жауапты тұлғалар мектеп ішінде ешкімнің қалмағанына көз жеткізгеннен кейін, сыртқа шыққан оқушылар, мұғалімдер және мектеп жұмыскерлері мектептен кемінде 100 метр қашықтыққа шығарылды. Сыртқа шыққан адамдарды сапқа тұрғызып, түгендеу жұмыстары жүргізіліп АӘТД пәнінің оқытушысы Қолдасбаев Болат мектеп басшысына мәлімдеме жасады.

Мектеп директоры

Р.Жакупова

Өтізген АӘТД пәнінің ұйымдастырушысы

Б.Қолдасбаев